

**Аудандық мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы"  
2013 жылғы 31 қаңтардағы № 70 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2015 жылғы 03 сәуірдегі № 200 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде № 4307 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 116 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 26.09.2017 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 3529 тіркелген, 2013 жылғы 19 наурызда аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінің № 14 жарияланған) 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 70 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 1 тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;"

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы,  
мәслихат хатшысы :

А. Кайрушев